



Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана

№1 (қаңтар-ақпан), 2020 жыл

№1 (январь-февраль), 2020 год

Құрылтайшы: «Педагогикалық
Ғылымдар Академиясы» ҚБ

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Редакциялық алқа:

А.К. ҚҰСАЙЫНОВ
бас редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА
бас редактордың орынбасары

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
К.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РЕСЕЙ)
Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РЕСЕЙ)
Б.Б. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (ҚЫРҒЫСТАН)
Ғ.М. МҰТАНОВ
К.Н. НӨРІБАЕВ
А.А. ТАЛТЕНОВ
А.А. ШӨРІПБАЕВ

Редакциялық кеңес:

К.Ө. ҚОНАҚОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МӘЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. ҰЗАҚБАЕВА
Н.А. ШАМЕЛЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. ҚОҢЫРОВА
Т.Е. СҰЛТАНҒАЗЫ

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеліп,
24.01.2013 ж.
№13303-Ж куәлігі берілген
Вестник жылына 6 рет шығады

«Вестник АПН Казахстана» журналы
ҚР БҒМ БҒСБК (ККСОН) педагогикалық
ғылымдар бойынша негізгі қорытындылар-
ды жариялауға ұсынған ғылыми басылым

ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу
(цитирование) қоры мәліметтері бойынша
журнал импакт-факторы 0,074

Мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакцияның мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы
Абылай хан даңғылы, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14, 313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Пішіні 70x100/₈
Қағаз офсеттік. Шартты баспа табағы 16,5
Таралымы 300 дана

© «Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ, 2020

СЛОВО ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА	3
Г.С. ТАГАЕВА, А.М. МАМЫТОВ Новые подходы к оценке учебных достижений уча- щихся начальных классов в Кыргызстане	5
Р.Н. КЕНЖЕБАЙ, Р.С. ЛАБЕНОВА, А.С. АЛИМБАЕВА ЖОО-да жаңартылған бағдарламамен оқытудың кей- бір мәселелері.....	15
Г.Б. ҚЫЛЫШБАЕВА, А.М. БЕРДАЛИЕВ, А.А. СЕНКЕБАЕВА, Д.Н. САИДАЗИМОВА Жаңа білім беруде студенттердің құзыреттілігі мен білім парадигмаларын қалыптастыру негіздері	20
А.Р. РЫМХАНОВА, Д.У. БАЙСАЛОВ Современные тенденции и требования к профессио- нальной подготовке педагогов для системы инклюзив- ного образования	27
Г.Т. УРАЗБАЕВА Актуальные проблемы профессиональной этики пре- подавателя высшей школы	35
К.У. КУНАКОВА, Г.С. ПРИМБЕТОВА К проблеме измерения профессиональных компетен- ций преподавателей высшей школы	41
А. SYZDYKBAYEVA, R. KERIMBAYEVA, G. ABDYBAYEVA Pedagogical practice organization problems of the future teacher in the context of dual training	49
А.К. МЫНБАЕВА, П.О. ИЗТАЕВА, А.А. КАРАБУТОВА XX-XXI ғасырлардағы адамгершілік білім беру және дамыту теориясы	55
М.С. ЖЫЛҚЫШИЕВА Civil-patriotic education of student youth of Kazakhstan in conditions of modernization of public consciousness ...	62
Р.С. ҚАСЫМОВА, М.М. СҮЛЕЙМЕН Ә.Қастеев шығармашылығы арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру	74
Д.В. ЛЕПЕШЕВ Современные проблемы исследования семейных цен- ностей, национальных традиций в современной казах- станской семье	82
Ш.Т. ТАУБАЕВА, А.Т. КОНУСОВ, М.С. АУЕСБАЕВ Әскери қызметшілерді рухани-адамгершілікке тәрбие- леудің мәні мен мазмұны	90
А.А. КАЛЫБЕКОВА, Г.М. МУСАХАНОВА, Ж.З. ТОРЫБАЕВА Реализация потенциала дисциплины «Иностранный язык» в системе патриотического воспитания студентов	102

Учредитель
ОО «Академия Педагогических Наук»

Редакционная коллегия:

А.К. КУСАИНОВ
главный редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА
зам. главного редактора

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)
К.А. БИСЕНОВ
С.В. ИВАНОВА (РОССИЯ)
Д.П. КОЖАМЖАРОВА
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РОССИЯ)
Б.В. МАМРАЕВ
А.М. МАМЫТОВ (КЫРГЫЗСТАН)
Г.М. МУТАНОВ
К.Н. НАРИБАЕВ
А.А. ТАЛТЕНОВ
А.А. ШАРИПБАЕВ

Редакционный совет:

К.У. КУНАКОВА
Д.В. ЛЕПЕШЕВ
Л.Х. МАЖИТОВА
Ф.Т. САМЕТОВА
А.А. САТБЕКОВА
Б.А. ТУРГУНБАЕВА
С.А. УЗАКБАЕВА
Н.А. ШАМЕДЬХАНОВА
Т.С. ШУМЕЙКО
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. КОНЫРОВА
Т.Е. СУЛТАНГАЗЫ

Свидетельство о перерегистрации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан №13303-Ж
от 21.01.2013 г.
Вестник выходит 6 раз в год

Научный журнал
«Вестник АПН Казахстана»
рекомендован ККСОН МОН РК
для публикации основных результатов
по педагогическим наукам

По данным Казахстанской базы
цитирования НЦ НТИ
импакт фактор журнала 0,074
Мнения авторов не отражают
точку зрения редакции.

Адрес редакции:

050000, г. Алматы
пр. Абылай хана, 74А
Тел.: 8 (727) 313-18-14,
313-18-15
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Формат 70x100^{1/4},
Бумага офсетная. Усл.-печ.л. 16,5
Тираж 300 экз.

© ОО «Академия
Педагогических Наук», 2020

Б.Б. ДЖАКУБАКЫНОВ, Ө.С. БАЙМУРАТОВ,
Қ.Ә. ҚҰЛАТАЕВ

Жоғары сынып оқушыларының салауатты өмір салты
мен әскери қызметке дайындығының сабақтастығы ..109
А.А. АДАМОВ, А.А. БУЛАТБАЕВА,
А.С. БАШЧИКУЛОВ

Результаты исследования сформированности куль-
туры профессионального мышления у курсантов военного
вуза 117

Н.Ш. АЛМЕТОВ, А.М. УСЕНОВА, Т.С. СМАХАНОВ
Болашақ мұғалімнің прагматикалық педагогикалық
ойлауын қалыптастыру 125

Г.К. НАКЫПОВА, Ж. САПАРҚЫЗЫ
Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіп
тік магистрлік даярлық 131

К.К. КЕНЖЕҒАЛИЕВ, А.Б. ТАҒАЙ
Психологтарды даярлаудың психологиялық мәсе-
лелері 138

А.К. УМИРБЕКОВА, К.С. АХМЕТКАРИМОВА,
Ш. АБИТАЕВА
О подготовке будущих учителей к реализации новых
подходов в преподавании и обучении 145

Е.Ж. ТӨРЕБЕК, М.О. МҰСАБЕКОВ,
М.А. АБДУАЛИЕВА
Жаратылыстану пәндерін оқытудың заманауи тә-
сілдері 156

Д.А. АДІЛЬЖАНОВА, Қ.К. БУРУНБЕТОВА
«Сабақты зерттеу» тәсілінің мұғалімдердің бірлескен
оқу ортасын дамытудағы әсері167

Л.Ф. ТАТАРИНОВА, Б.Ә. ТОРГАУТОВА
Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қаты-
суымен практикалық сабақ өткізу әдістемесін қолдану
ерекшеліктері 174

А.Б. НҰРЖАНОВА, Г.Н. НҰРМАНОВА
Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда цифрлық
күзреттілікті қалыптастыру жолдары180

Е. ЕЛУБАЙ
Болашақ педагогтарды даярлауда цифрлық құзы-
реттілік 187

Л. Х. МАЖИТОВА, Р.Н. СЫЗДЫҚОВА,
А.М. САЛАМАТИНА
Техникалық университетте физика пәнін тәжірибеге
бағдарлап оқытуда студенттердің танымдық бел-
сенділігін қалыптастыру 195

А.С. АУШЕНОВА, Г.С. ГАБДКАРИМОВА,
Г.ӘНУАР, У.А. КАЛЖАНОВА
Ағылшын тілін меңгеру жолындағы әдістемелер..203

Г.М. КУСАИНОВ, Г.С. САПАРОВА,
С.К. АХМЕТБЕКОВА
Технология эффективного обучения 208

Д.Ш. ЕЛЬЖАНОВ
Некоторые психофизические особенности вос-
приятия существующей действительности допри-
зывной и призывной молодежью (Методологическое
обоснование) 218

БІЗДІҢ АВТОРЛАР 226
НАШИ АВТОРЫ 230
OUR AUTORS 234

ӘОЖ 37.01

Р.С. ҚАСЫМОВА¹, М.М. СҮЛЕЙМЕН²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті**Ә.ҚАСТЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырудағы Ә.Қастеев шығармашылығының құндылығын көрсету. Мақалада эстетикалық талғамды қалыптастырудағы Ә.Қастеев шығармаларының тәрбиелік рөлінің маңыздылығы қарастырылады. Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі Ә.Қастеев шығармалары халықтың этнографиясы туралы баяндайтын өзіндік «көрнекі мәтін» деп айтуға болады. Ал суретшінің өзі мәдени дәстүрді тасымалдаушы ретінде ғана емес, дала жағдайында алғашқы материалмен шебер жұмыс істейтін этнограф ретінде де оқушыларға эстетикалық, тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Оқушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру – өте күрделі педагогикалық міндет. Қазіргі заманғы мектептерде үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру кезінде оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты ретінде мамандануға көшу байқалады: шет тілдерін, басқа да пәндерді тереңдетіп оқытатын бейіндік сыныптар құрылуда, бұл жағдайда эстетикалық цикл пәндерін оқытудың маңыздылығы артатындығын психологиялық-педагогикалық зерттеулерден көреміз. Жоғары сынып оқушысының эстетикалық талғамы жоғары және назары тұрақты, оларды сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жазу, дизайн процесі қызықтыратындығы тәжірибеде көрініс тапты.

Кілтті сөздер: бейнелеу өнері, эстетикалық тәрбие, сурет өнері, эстетикалық талғам, шығармашылық, сұлулық.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында рухани бай, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда эстетикалық тәрбие мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Тұлғаны тәрбиелеудегі ең тиімді кезең мектеп жасындағы кезең. Қоршаған ортаның табиғат сұлулығын ерте жастан сезіну адам бойындағы өмірге деген құштарлық пен сұлулыққа қызығушылық, көру, ойлау, есте сақтау, еркіндік сияқты көптеген жағымды қасиеттерін қалыптастырып дамытады. Эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты – өзімізді қоршаған ортадан сұлулық пен нәзіктікті көре білуге үйрету.

Сонымен қатар эстетикалық тәрбие оқушының сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларын, қоғамдық өмірін қамтуы тиіс және өзіндік нақты мақсаты мен міндеттері болуы шарт.

Эстетикалық талғам берудің негізі дизайн, архитектура, музыка, мүсін, кино, театр, би, сурет өнері сияқты көркем

шығармашылыққа сүйенеді. Сурет өнері саласында жинақталған бай мәліметтер мен озық тәжірибелерге сүйене отырып, мектеп оқушыларын сұлулыққа құштар, жоғары мәдениетті, білімді, жан-жақты дамыған адам етіп тәрбиелеуге әбден болады.

Эстетикалық білім мен тәрбие адамның эстетикалық талғамын, эмоциялық дүниесін байытып, сенсорлық қабілетті, шығармашылық, когнитивтік қызметтерді күшейтеді, жан-жақты қабілеттерін дамытады, шындықты сезуге әсер етеді. Мектеп оқушыларын өнер, сурет арқылы оқыту, әдеби және музыкалық шығармалар, бейнелеу өнері арқылы тәрбиелеу ерте жастан басталуы керек. Оның негізгі мақсаты оқушылардың эстетикалық қабылдау мен талдау қабілеттерін арттырып, солбағыттағы шешімдерді жасауға бейімделуіне үйрету болып табылады.

Ә. Қастеев шығармашылығы арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын

қалыптастыруда оңтайлы әдістер, іс-шаралар жасалса, мектеп оқушыларының эстетикалық, бейнелеу, сурет өнеріне талғамдары қалыптасып, олардың бойында қоршаған ортаға, сурет өнеріне, бейнелеу жанрына деген эстетикалық қарым-қатынасы жоғары болады [1].

Негізгі бөлім

Әбілхан Қастеевтің шығармашылығында мәдениеттің ұлы құндылығы мен халықтың даналығы бар, бұл сол кездегі ұлы болашақ туралы арманды көрсетеді. Қастеевтің жұмыстары оның әдемі жанының керемет энергиясын таратады. Ол өз шығармаларында ұлттық салт-дәстүрлерді бейнеледі. Кез келген шынайы суретші сияқты, Әбілхан Қастеев ешкім іздемеген жердегі сұлулықты көре білді. Суретшінің шығармашылығы өткен және болашақ арасындағы көпірге ұқсайды. Суретшінің туындыларында табиғаттың көп қырлы сұлулығы көрініс табады, ол көріністер өмірдің шынайы ақиқатын, сондай-ақ адам жанының ерекше күйі мен ғажайып нәзік сезімдерін шоғырландырады.

Әбілхан Қастеевтің шығармашылығының өзегі қазақ халқының ұлттық дүниетанымын бейнелейтін символдық бөлінбейтін ою-өрнек болып табылады, онда үш құндылық бір бірімен тығыз байланысты: табиғат – адам – өмір. Ә. Қастеевтің бүкіл шығармашылығы халық дүниетанымымен, халық шығармашылығымен және халық мәдениетімен тығыз байланысты. Мәселен, Әбілхан Қастеевтің «Мақта жинау» картинасы суретші тұрған уақытты, шындықты, өнердің әлеуметтік реализм рухында бейнеленген идеялық эстетикалық тәрбие туралы міндеттермен байланысын айқын көрсетеді (1-сурет). Осы кезең үшін халық өнері ғана емес, суретшілердің шығармашылығындағы көркемдік шешімі де тән болды. Бұл ережелер ақиқатқа, шындыққа ұмтылуды алға қойды, ол қазіргі уақытта да өз маңызын жоймайтыны белгілі. Суретте бейбітшілік пен тыныштық, адамдардың табиғатпен

үйлесімді өзара байланысы көрсетілген [2].

1927 жылы Қазақстанда сол кезеңдегі аса маңызды объекті болған Түрксіб темір жол магистралінің құрылысы басталды. Композиция дала қазақтарының өміріндегі маңызды кезең – қазақ даласындағы алғашқы темір жолдың пайда болуын бейнелейтін нақты оқиғаға арналған. Ақ түтінін бұрқыратып вагондарды тартып келе жатқан паровозға қараған көңілді адамдар. Олардың арасында жылқы мен түйеге мінген әйелдер, қарттар мен балалар бар. Барлығы техниканың таңғажайыбына тамсана көз тастауда (2-сурет).

Қарапайым энтузиазм және адамдарды жігерлендіру – композицияның басты мазмұны болып табылады [3].

Қазақстандық бейнелеу өнерінің айрықша туындысы саналатын бұл көрініс қазақ халқының ұлттық сипатының ерекшелігін – оның жаңалыққа деген құмарлығы мен қызығушылығын, тандану арқылы қатардағы оқиғалардан мереке жасай білетінін көрсетеді.

Ә.Қастеевтің қазақ елінің ұлттық өнерінің қалыптасуындағы рөлі ерекше. Ол әртүрлі тарихи дәуірлердің әлеуметтік, мәдени, эстетикалық координаттарын біріктіре білді. Оның жұмыстарының құндылығы, өзінің шығармашылық өмірінде сақтай алған шынайылық пен сезімнің тазалығында жатыр. Бұлұлы шебер Әбілхан Қастеевтің баға жетпес еңбегі [4].


Әдістеме. Ә.Қастеевтің шығармалары мектеп оқушыларына сурет өнерінің қыр-сырын меңгерту, үйрету, табысты шығармашылық, кәсіби бағдар және эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатында қолданылып, тәжірибе өткізілді.

Тәжірибеге жоғары сынып оқушылары қатысты.

Ә.Қастеевтің шығармалары арқылы жоғары сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қалыптастыру үшін бейнелеу әдісі арқылы тәжірибе жүргізілді.



1-сурет – «Мақта жинау» картинасы



2-сурет – Түрксіб темір жолы магистралі

Бейнелеу компоненті бойынша эстетикалық көріністердің қалыптасу деңгейі келесі әдістер арқылы анықталды.

Көркемдік-экспрессивті тест. Оқушыларға Ә.Қастеев шығармашылығындағы портреттер бейнеленген бейнелеу өнері туындыларының репродукциялары ұсынылады:

– «Жас Абай».

– «Жамбыл Жабаев».

– «Шоқан Уәлиханов» (3, 4, 5 – суреттер).

Барлық портреттерде экспрессивті белгілердің (мимика) және кескіндеменің ерекше құралдарының (түсі, сызығы, композициясы) көмегімен кейіпкерлердің



3-сурет – Жас Абайдың портреті

суретте берілген көңіл-күйді дәл айта алуы, осы адамдардың сипаты туралы еркін және толық айтады, олардың одан арғы іс-қимылдарын болжайды, сезімдері туралы ерекше ой айтады;

2 балл – орташа деңгей – оқушы бұл адамдардың не туралы ойлайтынын, олардың көңіл-күйін анықтайды, бірақ оның суреттер туралы пікірлері сенімсіз, толық емес, түсініксіз;

1 балл – төмен деңгей – оқушы адамдардың көңіл-күйін анықтауда шатасады,

түрлі эмоционалдық күйі бейнеленген.

Жүргізілген тәжірибенің мақсаты – эмпатияның даму деңгейін, көркем сурет пен эмоционалдық интерпретацияның эмоционалдық мәнерлілігін анықтау.

Оқушыларға суреттердің репродукциясын қарау және келесі сұрақтарға жауап бере отырып, картиналарда бейнеленген адамдар туралы айту (ауызша) ұсынылады:

1) «Бұл адамдар не ойлап тұр?»

2) «Сипаты бойынша олар қандай?»

3) «Олардың көңіл-күйі қандай?»

Эмоциялық көріністердің даму деңгейі үш балдық жүйе бойынша бағаланады:

3 балл – жоғары деңгей – оқушының



4-сурет – Жамбыл Жабаев

олардың суреттерді қабылдауы туралы пікірлерінің жалпылануы байқалады, эмоциялық сипаттамалары төмен.

Оқушылардың эстетикалық талғамын анықтауға арналған сауалнама.

Мақсаты – оқушылардың эстетикалық талғамының қалыптасу деңгейін анықтау.

Сауалнама эстетикалық талғамының мәнін ашатын компоненттерге оқушылардың қарым-қатынасын бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнама «иә», «кейде», «жок» де-



5-сурет – Шоқан Уәлиханов

ген жауаптарды қажет ететін 11 сұрақтан тұрады. Сауалнамада төменде көрсетілгендей сұрақтар қойылды:

1. Ұйықтар алдында өзіңіз барған, сізге ұнаған орындар туралы ойлайсыз ба (мұражайлар, театрлар, көрмелер, концерттер)?

2. Сіз жоқ кейіпкерлерді ойдан шығару мен олар туралы жазылған әңгімелерді ұнатасыз ба?

3. Табиғат дыбыстарын тыңдау ұнай ма: құстардың ән айтуы, жапырақтардың шуы, бұлақтың сылдыры және т.б.

4. Сіз жасыл жапырақ, шөп, гүл, жапырақтағы қоңыз және т. б. салынған суреттерді қарастыра аласыз ба?

5. Ата-анаңызға сізді қызықтырған нәрсе туралы (картина, фильм, музыка, кітап және т.б. туралы) айтуды ұнатасыз ба?

6. Сіз кітапханаға, сурет мұражайына, театрға барасыз ба?

7. Сізге таза киінген кезде ыңғайлы, жайлы болады ма?

8. Сіз серуендеу кезінде табиғат сұлулығына, қоршаған ортаның тазалығына мән бересіз бе?

9. Сыныптастармен қарым-қатынаста сыпайысыз ба?

10. Сіз өнер туралы қандай да бір әдебиетті оқыдыңыз ба?

11. Классикалық музыка мен кескіндеме туралы әңгімелейтін веб-сайттарға кіресіз бе?

Оқушылардың жауап беруіне байланысты балдық деңгейде олардың эстетикалық талғам деңгейін анықтауға болады.

Жоғары деңгей – қызметтің көркемдік түрлеріне айқын көрсетілген қызығушылық.

Орташа деңгей – әртүрлі өнер түрлеріне қызығушылықтың болуы, бірақ көңіл көтеру бағытын қалаумен, музыканың жоғары көркемдік, классикалық эталондарына бағдарлаудан тыс көрінеді.

Төмен деңгей – өнердің және көркем шығармашылықтың әр түріне қызығушылықтың болмауымен немесе нашар білінуімен сипатталады.

Толық жазылмаған тезис (аяқталмаған ұсыныс)

Әдістің мақсаты – эстетикалық мәдениет ұғымына жалпы көзқарасты анықтау.

Әдіс эстетикалық мәдениетке қатысты жалпы ұстанымдарды анықтайды. Оқушыларға келесі тезистерді аяқтау ұсынылады:

1. Жақсы өмірдегеніміз...

2. Мен өзімді жақсы сезінемін, егер...

3. Маған жақсы, егер айналамда...

4. Маған... қарау ұнайды.

5. Мен... барғанды ұнатамын.

6. Бейнелеу өнері сабағы маған ұнайды...

7. Менің жұмысым... болғанда ұнайды.

8. Мен... әдемілікті, сұлулықты көремін.

Жоғары деңгей – эстетикалық қызметке деген айқын ықылас, оң көзқарас, эстетикалық пәндерге, объектілер мен қоршаған ортаның құбылыстарына деген қызығушылық.

Орта деңгей – эстетикалық қызметке деген ықылас, оң көзқарас. Эстетикалық пәндерге, объектілерге және қоршаған болмыстың құбылыстарына деген қызығушылық жеткіліксіз.

Төмен деңгей – сипаттамалар пәндік деңгейде [5].

Тәжірибе нәтижесі

Тәжірибе екі кезеңнен тұрды: бақылау және тәжірибе жүргізілгеннен кейін.

Ә.Қастеевтің шығармашылығымен таныстыруға дейінгі бақылау кезеңінде алынған нәтижелер анықталып, белгілі болғаннан соң Ә.Қастеевтің шығармаларымен таныстыру және түсіндіру жұмыстарымен қатар, оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Тәжірибе барысында оқушылардан қайтадан портреттегі тұлғалардың ойлары мен көңіл-күйлеріне қатысты сауалнамалар қойылып, қайта тестілеу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың жалпы эстетикалық талғамының деңгейін анықтау үшін жүргізілген әдістердің нәтижелерінің ор-

таша балы анықталып отырды.

Төменде көрсетілген 1-кестеге сәйкес, жүргізілген әдістің нәтижесі бойынша 8 А және 8 Б сынып оқушыларының эстетикалық талғамының деңгейі бақылау барысына қарағанда тәжірибеден кейін әлдеқайда жоғарылағанын көрсетеді (1-кесте).

Төменде берілген диаграммада бақылау және тәжірибе барысында анықталған оқушылардың эстетикалық талғамының жалпы деңгейі салыстырмалы түрде көрсетілген (Сурет-6).


Эстетикалық талғам тұлғаның эмоционалдық қорын және сезімдік деңгейін байытуға ықпал етеді. Ол танымдық белсенділікті арттырады, қоршаған ортаның адамгершілік жағын тануға ықпал етеді және тіпті баланың физикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Оқушылардың эстетикалық талғамын 2 топқа бөлуге болады: бірінші топқа балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға және қоршаған ортаға қарым-қатынасқа бағытталғаны жатады. Қоршаған ортада: табиғатта, өнерде, қылықтар мен адамдардың сұлулығын сезіну және көру қабілеті дамиды. Көркем талғам мен талғамға деген қажеттілік тәрбиеленеді, қалыптасады.

Екінші топ әртүрлі өнерде көркемдік шеберлікті қалыптастырады: балалар сурет салуға және мүсіндеуге, құрастыруға және әртүрлі ұсақ-түйектер жасауға, ән айтуға және билеуге үйренеді, өзінің сөздік шығармашылығын дамытады. Екі топ та іске асыру процесінде тығыз өзара

1-кесте – Бейнелеудегі көркемдік-экспрессивті тест әдісінің нәтижесі

Сынып	Оқушылар саны	Деңгей көрсеткіші %					
		Жоғары		Орташа		Төмен	
		Б	Т	Б	Т	Б	Т
8 А сынып	30	28	39	33	44	39	17
8 Б сынып	32	25	35	38	49	37	16



6-сурет – Оқушылардың эстетикалық талғамының жалпы деңгейінің бақылау және тәжірибелік кезеңдерінің салыстырмалы көрсеткіштері.

іс-қимыл жасалған жағдайда ғана оң нәтиже береді. Мектеп оқушыларының мұражайлар мен театрларға баруы, әдеби кездесулер мен музыкалық кештер, балалар конкурстары мен викториналар. Оқушылардың суретшілермен, жазушылармен, актерлермен немесе әншілермен кездесуін ұйымдастыруға, сондай-ақ әдеби талқылауларды өткізуге болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, эстетикалық талғамды қалыптастыру оқушылардың сурет, бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын ояту, эстетикалық талғамын жоғарылату болып табылады.

Дұрыс ұйымдастырылған, оқушыға бағытталған сабақ әр оқушыға шынайы қызығушылықпен үн қосады. Эмоциялық бай материал баланың жанында терең із қалдырады, ол болашақта эстетикалық талғамның, идеалдың, қарым-қатынастың, рухани қалыптасуының негізі болады. Эстетикалық дамумен адамның рухани дамуы да қатар жүреді. Бүгінгі баланың эмоционалдық қабылдауы, ертең өнерге және өмірге деген саналы көзқарасының қалыптасуына, ішкі жан дүниесінің таза да сұлу болуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абылхан Кастеев. Альбом / Составитель Б. Барманкулова. – Алма-Ата, 1986.
2. Джилкибаев Э., Петровский А.К. Кастееву за вдохновением // Казахстанская правда. – 2004. – 3 августа. – С.4.
3. Литвинов В. Художественное столетие творчества Кастеева пронизано любовью к земле Казахстана // Литер. – 2004. – 31 июля. – С.5.
4. Шацкая В.Н. Общие вопросы эстетического воспитания в школе. – М.: Просвещение, 2002. – 290 с.
5. Жанбиришиев С.Н. Отандық кескіндеме құралдары арқылы оқушыларды адамгершілік-эстетикалыққа тәрбиелеу // 13.00.02 шифры бойынша диссертация және автореферат, педагогика ғылымдарының кандидаты. – Тараз, 1999.

REFERENCES

1. Abylkhan Kasteev. Album / Compiled by B. Barmankulov. – Alma-Ata, 1986.

2. Dzhilkibaev E., Petrovsky A.K. Kašteyev for inspiration // Kazakhstanskaya Pravda. – 2004. – 3 august. – P.4.

3. Litvinov V. The art century of Kašteyev's work is permeated with love for the land of Kazakhstan // Liter. – 2004. – 31 july. – P.5.

4. Shatskaya V.N. General issues of aesthetic education in school. – M.: Education, 2002. – 290 p.

5. Zhanbirshiev S.N. Moral and aesthetic education of students through domestic painting // Dissertation and abstract on the code 13.00.02, Candidate of Pedagogical Sciences. – Taraz, 1999.

КАСЫМОВА Р.С., СУЛЕЙМЕН М.М. ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВКУСА УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ТВОРЧЕСТВО А. КАСТЕЕВА

Показать ценность творчества А. Кастеева в формировании эстетического восприятия учащихся. Рассматривается важность воспитательной роли произведений А. Кастеева в формировании эстетического восприятия. Абылхан Кастеев – первый казахский профессиональный художник. Работы художника можно читать как «художественный текст» о этнографии народа. А сам художник вызывает широкий интерес как носитель традиционной культуры, так и этнограф, умеющий работать с первыми материалами в условиях полевых работ. Рассматриваются основные цели образования и эстетического воспитания: развитие навыков восприятия и оценки личностного роста, эстетических моментов творчества, эстетических взглядов, проблемы формирования творческих навыков в сфере искусства. Формирование эстетического восприятия учащихся одна из сложных педагогических задач. В нынешних школах во время формирования гармонично развитой личности целью воспитания и обучения является профессионализация: открываются классы с профильным обучением, с обучением на трех языках, последние психолого-педагогические исследования доказывают актуальность интеграции дисциплин эстетического цикла. Результаты исследования показывают высокое эстетическое восприятие старшеклассников и их интерес к скульптурированию, рисованию, процессу создания образа, дизайну.

Ключевые слова: изобразительное искусство, эстетическое воспитание, живопись, эстетическое восприятие, творчество, красота.

KASSYMOVA R.S., SULEIMEN M.M. THE FORMATION OF AESTHETIC TASTE IN STUDENTS THROUGH THE WORKS OF A. KASTEEV

The purpose of this article is to show the value of A. Kašteev's creative works in shaping the aesthetic perception of students. The authors discuss the importance of the educational role of Kašteev's works in the formation of aesthetic perception. Abylkhan Kašteev was the first professional artist in Kazakhstan. His works can be read as a "literary text" on national ethnography. The artist himself attracts much attention both as a carrier of the traditional culture and as an ethnographer who knows how to process the raw materials in the field. The article reviews the main goals of education and aesthetic education: the development of perceptual skills and the assessment of personal growth, the aesthetic moments of creative work, the aesthetic views, the problem of the formation of creative skills in the field of art. The formation of the aesthetic perception of students is a problematic pedagogical task. Modern schools focus on professional development in the formation of a harmoniously developed personality: they open classes with specialized training, with training in three languages. Recent psycho-pedagogical studies prove the relevance of integrating the disciplines of the aesthetic cycle. The studies show the high aesthetic perception of senior school students and their interest in sculpting, drawing, creating an image, and design.

Keywords: visual art, aesthetic education, pictorial art, aesthetic perception, creative work, beauty.